

**“Шабуылдағы мотоатқыштар
бригадасының медициналық
қамтамасыз етілуін ұйымдастыру”**

**Мәукенова Әсем
Өтеген Арман**

- Шабуылға медициналық қызметтың тіршілігінің шарттары. Мүмкін болатын санитарлық шығындар.
- шабуылға дайындық кезіндегі медициналық қызметтің жүргізетін шаралары.
- шабуыл кезіндегі Бригаданың медициналық қамтамасыз етілуі.

- **Шабуыл** - ұрыс түрі, мақсаты күші төмен қарсыластың қорғанысын бұзып жару, оған шығын келтіру, маңызды аудандарды, шептерді, нысандарды, жерлерді басып алу.
- **Тіршілік шарттары** – ұрыста медициналық қызметтің тіршілігіне әсер ететін ұрыстың, тылдың және медициналық жағдайдың шарттар жиынтығы.

1. Шабуылға көшу шарттары 2 тәсілмен жүргізілуі мүмкін.

А) қарсыласпен бетпе – бет жағдайда

В) Терең аудандардан шығу арқылы

Бригада біріңғай шеппен шабуылға көшеді, қарсылас бұл кезде әлі қарсылық көрсете қоймаған кезде немесе аралас ұрыстық шепте шабуылдайды – бұл кезде бригада жаяуланады – алдында танктер, мотоатқыштар, ұрыстық көліктер қозғалады.

2. Аймақтық басшылық күштердің ұрыс шебіндегі бригаданың орны.

- - 1 эшелонда
- - 2 эшелонда
- басты соққының бағытында
- қосалқы бағытта.

3. Бригадының шабуыл шептерінің құрылуы.

Бригада жер бөлігінің ені 5- 10 шақырымда шабуылданады.

4. Жаулардың күштерінің ара –қатынасы(4:1)

- Қарсыластың қорғаныс шептеріне байланысты.

5.Қолданылатын қарудың түрлері:

- Жәй қару
- Жаппай қыру қаруы (ядролық, химиялық, биологиялық, бактериологиялық).

6.Қазіргі заманғы шабуылдық ұрыстардың ерекшеліктері.

- Жоғары қарқынды,қиян-кескі,үздіксіз,мақсатты,жоғары қорғаныста.

7. Толық зерттелмеген жерлерде ұрыс жүргізу.

- күндіз де, түнде де
- кез –келген ауа райында
- кез –келген уақытта

**8.Қарсыластың әскерлерінің, ұрысты жүргізу
әскерлерінің және өз әскерлеріміздің санитарлық –
эпидемиологиялық ахуалы.**

9. Шабуылға дайындалу мерзімі.(уақыт).

- Уақыт неғұрлым көп болса, соғұрлым шабуылға дұрыс дайындалуға мүмкіндігіміз бар.

- Осы тіршілік шарттарын ескерсек 1 тәулктегі ұрыста шабуыл кезіндежеке құрамның қатарында пайда болатын санитарлық шығындар бригаданың жеке құрамының 12-18%- ын құрайды.
 - Қарсылас жаппай қыру қаруын қадағалағанда санитарлық шығындар көбейеді – оның көлемі 25-40%және одан да көп болады.
 - Бұл кезде пайда болатын санитарлық шығындардың құрылымы төмендегідей:
 - ауыр жарақат алғандар
 - күйіктер
 - көптеген сынықтар
- Ішкі органдардың көлемді механикалық бұзылуы
- аралас жарақаттар
 - радиациялық жарақаттар

- Ал егер химиялық қару қолданылса, онда
 - ошақтық белгі пайда болатын шығындар
 - бір уақытта пайда болады
 - санитарлық шығындардың 70% -ы медициналық көмектің лездік түрін ұрыс даласындағы алғашқы сәттерден – ақ қажет етеді.

□ Шабуылға дайындық – қорғанғыстың шараларына ұқсас жұмыстың мазмұны оның тәсілдеріне тәуелді.

1. Медициналық қамтамасыз етуді жоспарлай және бағыныштыларға міндеттеме қою.
2. Медициналық қызметтің күштері мен құралдарын алдағы ұрыс қимылдарына дайындау.
3. Санитарлық –гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды және жаппай қыру қаруынан қорғану шараларын өткізу.
4. Бригаданың жеке құрамын алғашқы медициналық көмекті көрсетуге арналған жеке басты құралдармен қамтамасыз ету, егер уақыт жетсе, алғашқы көмекті көрсету ережелерін оларға үйрету.

Шабуылға дайындық кезінде және шабуыл кезінде бригаданы медициналық қамтамасыз ету.

Бригада 2 тәсілмен шабуылға көшеді:

- 1.Терең аудандардан шығу арқылы
- 2.Аралас ұрыстың шеппен шығу арқылы.

Шабуылға шығатын бригада алғашқы шеппен 20-40 шақырым жерде бастапқы аудан тағайындалады. Бастапқы ауданда шабуылға дайындық жүргізіледі.Шабуылдайтын бригада міндеті:

- бастапқы ауданнан шығу
- жорыққа шығу
- қарсыластың қорғанысын бұзып – жару,негізгі күштерін жою алға жылжи отырып, қарсылас орналсқан терең аудандарда ұрыстар жүргізу.

Бригаданың медицина қызметінің бастапқы аудандардағы шаралары – медицина қызметінің күштерін және құрал жабдықтарын топтастыру.



Санитар –атқыш- өз бөлімшелерінде санитар нұсқаушы болады.



1 мсб

Батальонның медициналық пункті орналасқан.



115 зрбр

Бригаданың медициналық ротасы жиналған.

-

Медициналық көмекті көрсету үшін:



2 мсп

АТ(АП-2) жиналады.

- Бірінші дәрігерлік көмек көрсетеді:
- Аймақтық басшылықтың медициналық қызметінің бастығы бөлген күшейткіш күштері Бригаданың медициналық ротасында сақталады.
- Бастапқы ауданда орналсақан Бригаданың жеке құрамының қатарында санитарлық шығындар пайда болған жағдайда:

Жаралылар мен науқастар АТ -2(АП) батальонның медициналық пунктiнiң немесе бригаданың медициналық ротасының санитарлық көліктерiмен тасымалданып әкелiнедi. Осы жерде бiрiншi дәрігерлік көмек көрсеткеннен кейiн аймақтық басшылықтың жеке медициналық отрядына жаралылар мен науқастар сол отрядтың санитарлық көмегiмен тасымалданады.

● Бастапқы аудандарда орналасқан бригаданың командирі бұйрық алады:

-алғы шепке шығу - жорық жасау

-жорық кезінде бригаданың бөлімшелері колоннаға тұрады.

-Батальондар 1-ші эшелонда

Міндет: Бригадаға жайылу қажет!

- Колонна құрамында өту кезінде Бригада мынадай жайылу шептерін өтеді:

-батальондық колонналар

-роталар колонналары

-взводтық колонналар

-жаулану шебі

-шабуылға көшу шебі – атыс жүргізіледі.

Бригада 5-10 шақырымдық майдан бойынша толық жайылған.

I кезең. Бастапқы ауданнан шығу кезінде Бригаданың медициналық қамтамасыз етілуі шабуылға дайындық кезінде. Басқару жұмыстары:

- бастапқы ақпаратты жинау
- міндетті түсіну
- уақытты есептеу
- бағыныштыларға алдын-ала бұйрықтар беру
- жалпы жағдайды бағалау
- медициналық барлау жүргізу

- II кезең. Бригаданың күштері мен құрал – жабдықтарының алғы шепке шығуы:
- -санитарлық шығындар болады
- -медицина қызметінің күштері мен құрал –жабдықтарын бөлу
- -медицина қызметінің күштері мен құрал – жабдықтарын ұтымды орналстыру.

Колонналарға тұрған кезде Бригаданың медициналық қызметінің бастығы күштер мен құрал – жабдықтарды мына түрде орналастырады:

- -взводтың санитар атқыштары мен ротаның санитарлық – нұсқаушылары өз командирлерінің көлігінде
- Батальонның медициналық пункті – батальондардың колонналарының соңында
- Бригаданың медициналық ротасы – 1 эшелондағы 1 –ші батальонның соңында
- Бригаданың медициналық қызметінің бастығы – командалық пунктпен немесе тылдық басқару пунктімен бірге қозғалады
- Күшейту күштері- бөлініп берілген күштер мен құрал – жабдықтар бөлініп бекітілген бөлімшелермен бірге.
- күшейтілген күштердің қоры бригаданың медициналық ротасында орналасқан.

Жаралылар пайда болғанда

- Алғашқы медициналық көмек көліктерде өздік немесе өзара көмек түрінде және де санитарлық – атқыштар мен санитарлық – нұсқаушылар күшімен көрсетіледі.
- жаралылар ұрыс көліктерінде жерге түскенше болады (әшейінде реттеу шебінде, көбінесе жаяулану шебінде).
- Бұл кезде жаралылар аймақтық басшылықтың жеке медициналық отрядының көліктерімен өзіне қарай тасымалданады.

- II кезең Шабуылды (алғы шепті бұзып жару кезінде) және қарсыластың қорғанысының тереңінде ұрыс қимылдарын жүргізуді медициналық қамтамасыз ету.
- Бригаданың міндеті:
- Қарсыластың қорғанысын бұзып жару.
- Медициналық қызметтің шаралары:
- Күштер мен құрал жабдықтарды орналастыру;
- Санитар-атқыштар взвод командирінің жолында орналасады;
- Санитар нұсқаушы – рота командирінің жолында орналасады;
- 1-ші эшолының әрбір ротасының соңынан 1-2 санитарлық тасымалдаушы (БММ, МТЛВБ) қозғалып отырады.
- Батальонның медициналық пункті – батальонның 1-ші эшелонының соңынан қозғалады.
- Бригаданың медициналық ротасының қозғалу осінде қосымша бір санитарының автокөлік қозғалады.
- Бригаданың медициналық ротасы алғы шептен 4-6 шақырып жерде жайылады.
- Жеке медициналық отрядтық қорынан бөлінген күштер мен құрал жабдықтар бригаданың медициналық ротасында болады, сонымен бірге қозғалады.
-
-

Шабуыл кезіндегі емдеу тасымалдау шаралары:

(шепті бұзу жару кезінде және тереңде қимылдаған кезде.)

-Ұрыс шептерінде жаралылар пайда болғанда;

-Жаралыларды іздеу:

-Взводтық санитар-атқыштар;

-Ротаның санитар-нұсқаушысы;

Алғашқы медициналық көмек:

-Взводтық санитар-атқыштар;

-Ротының санитар-нұсқаушысы;

-Өз-өзіне көмек;

-Өз-ара көмек;

Жаралыларды ұрыс даласынан алып шығу:

-Взводтық санитар-атқыштар;

-Ротының санитар-нұсқаушысы;

-Санитар –тасушылар;

-Санитар-жүргізушілер (көлікпен)

Жаралыларды ұяшығына орналастыру. Жаралылардың ұяшығы:

-Жаралыларды орналастыратын таза жер;

-Қайта жарақат алмауы қарастырылуы қажет;

-Ол жер белгіленуі қажет;

-Командирге баяндалуы қажет;

Шабуыл жалғасуда:

- -санитар көлік жаралылардың ұяшығына жақындайды, оларды алып батальонның медициналық пунктінің қозғалу жолына тасымалдайды, осы жерде кеңейтілген жаралылардың ұяшығын жасақтайды.
-
- Осы кеңейтілген жаралылардың ұяшығына батальонның медициналық пункті келіп, бірден дәрігерге дейінгі (фелдшерлік) көмек көрсете бастайды. Көмекті көрсетіп болғаннан кейін ары қарай басқа жаралыларды кеңейтілген ұяшықтарын қозғалады. Осы жерден санитарлық көліктермен жаралылар бригаданың медициналық ротасына тасымалданады, онда жаралыларға бірінші медициналық көмек көрсетіледі.
-

- Алғы шеп пен бригаданың медициналық ротасының ара қашықтығы ұлғая береді. Бірінші дәрігерлік көмек (4-5 сағаттың) жарақат алғаннан кейін 4-5 сағаттың ішінде көрсетілуі қажет. Мерзім ұлғая береді. Осы жағдай Бригаданың медициналық ротасының орын ауыстыруына белгі болып есептеледі.
- Ең жақын міндетті оорындағаннан кейін немесе бригаданың медициналық ротасының орналасқан жері алғы шептен 12-15 шақырымға жеткенде бригаданың медициналық ротасын орнын ауыстыру қажет болады. Себебі көмектің түрлері үздіксіз болуы керек.



- Ол үшін маневр жасау керек болады:
- Бригаданың медициналық ротасы жаңа орынға жылжыйды, ал оның ескі орнына АТ-2 (АП-2) орналасады.
- Бригаданың медициналық ротасы ескі орнында жұмысын жалғастыра береді, ол алға қараай АТ-2 (АП-2) жіберіледі.
- Бригаданың медициналық ротасы жаңа орынға жылжыйды, оның орнына жеке медициналық отрядтың медициналық взводы келеді немесе жеке медициналық отрядтың өзі келеді.
- Ұрыс кезінде Бригаданың медициналық ротасы тәулігіне 2-4 рет орын ауыстыруы мүмкін. Бригаданың медициналық ротасының орын ауыстыруы көп еңбекті қажет етеді, барлық жаңа орын таңдап алып, ол жерден қайтадан барлық функционалдық бөлімшелерді өайта орналастырып, оларды толық бірінші дәрігерлік көмек көрсетуге дайын ету.

- Бригаданың медициналық ротасының орын ауыстыруы тек бригаданың командирінің бұйрығы бойынша іс жүзіне асырылады. Бригаданың медициналық ротасының орнын ауыстырғанын үнемі басшылықтың медициналық қызметінің бастығы біліп отыруы қажет.
- Бригаданың медициналық қызметінің бастығы ұрыс кезінде не командалық пункте немесе тылдық басқару пунктінде болады.